



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН





«Х.Досмұхамедов атындағы  
Атырау университеті» КеАҚ  
басқарма төрағасы - ректор  
С.Н.Идрисов  
» 2024 ж.

“SAF” СТУДЕНТТІК ТЕАТР ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

№ 042

Атырау 2024 ж.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“SAF” Студенттік театр туралы Ереже	2 - бет, 7 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г.Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		18.01.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.01.2024

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“SAF” Студенттік театр туралы Ереже	3 - бет, 7 беттен тұрады

### Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	4
6	Ұйымдық құрылымы	5
7	Құқығы	5
8	Жауапкершілігі	5
9	Қорытынды ережелер	5
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	5
	Танысу парағы	7
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	8

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“SAF” Студенттік театр туралы Ереже	4 - бет, 7 беттен тұрады

- 1 Жалпы ережелер**
- 1.1 “SAF” Студенттік театр деп негізгі қызметі спектакльдерді, халықтың сахналық өнерге деген қажеттілігін қалыптастыру және қанағаттандыру мақсатында студенттердің күшімен басқа да көпшілік қойылымдарды дайындау және көрсету болып табылатын ұйым (бұдан әрі – студенттік театр деп аталады);
- 1.2 “SAF” Студенттік театр өз қызметінде университет Жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады;
- 1.3 “SAF” Студенттік театр-өз қызметінде музыкалық, вокалдық, орындаушылық шығармашылық бастауларды үйлестіретін студенттер шығармашылығын ұйымдастыру нысаны.
- 2 Қысқартулар**  
Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:  
АУ – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті;  
АМЖП – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор;  
ӘМЖЖСЖП – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;;  
ҚР – Қазақстан Республикасы;  
СМК-Сапа мониторингі кеңсесі;
- 3 Нормативтік сілтемелер**
- 3.1 Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;
- 3.2 Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;
- 3.3 АУ жарғысы;
- 3.4 «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, 4-тарау. «Шығармашылықтың құқықтық жағдайы шығармашылық одақтардың және кәсіби емес қызметкерлердің мәдениет қызметкерлері (әуесқойлық) шығармашылық бірлестігі 10.07.12 ж. №36-б
- 4 Негізгі міндеті**
- 4.1 “SAF” Студенттік театр АУ студенттерінің мәдени қызметін күшейту, студенттердің шығармашылық әлеуетін толық ашу және пайдалану мақсатында құрылады. “SAF” Студенттік театрдың қызметінде студенттің дербестік және өзін-өзі басқару принциптерін жан-жақты және дәйекті жүзеге асыру болып табылады.
- 4.2 АУ студенттер театры көрермендерге арналған спектакльдерді ойнауға, шығармашылық оқуды ұйымдастыруға, өзіндік репертуарды құру бойынша тәжірибелік жұмыс жүргізуге, жаңа мәнгерлі құралдарды іздеуге, сахналық өнерді насихаттауға арналған.
- 5 Негізгі қызметі**
- 5.1 Қазақстан Республикасы азаматтарының шығармашылық бостандығына конституциялық құқығын қамтамасыз ету, мәдени өмірге қатысу және театр ұсынатын қызметтерді пайдалану, сахналық өнерге тең қол жеткізу;
- 5.2 Тұлғаның ізгілендіру және жан-жақты дамуы, қазақ мәдениетінің, ұлттық сана-сезім мен тілдің өзіндік ерекшелігін сақтау, бос және кешкі уақытта жұмыспен қамтылу үшін қажетті жағдайлар жасау;
- 5.3 “SAF” Студенттік театрдың көркемдік бағыттарды, репертуарды таңдауда, спектакльдерді, қойылымдарды көпшілік алдында орындау туралы шешім қабылдауда, ҚР заңнамасына қайшы келмейтін кез келген жарнамалық және басқа да

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“SAF” Студенттік театр туралы Ереже	5 - бет, 7 беттен тұрады

- материалдарды жариялауда тәуелсіздігі.
- 6 Ұйымдық құрылымы**  
 Жеке басшылық негізінде студенттік театрды басқаратын басшы, осы Ережені басшылыққа алады, “SAF” студенттер театрын басқару жөніндегі барлық құқықтар мен міндеттерді жүзеге асырады, жұмысты ұйымдастырады. Штатта: бір директор-режиссер қызмет етеді.
- 7 Құқығы**  
 Зияткерлік қызметтің нәтижелерін, оларға теңестірілген дараландыру құралдарын авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы заңнамада көзделген тәртіппен және шарттарда пайдалану;  
 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.  
 Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.  
 ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі  
 Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.  
**Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:**  
 - заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;  
 - басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;  
 - құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;  
 - құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;  
 - мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.  
 Ереже ауыстырылған жағдайда өз күшін жойған Ереженің университеттегі барлық даналары алынады және жаңасымен ауыстырылады
- 8 Жауапкершілігі**  
 Өз міндеттемелерін олардың шарттарына, заңдардың, өзге де нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған кезде – жалпы қабылданған этикалық нормаларға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес тиісті түрде орындауға міндетті.  
 Алғы сөзде көрсетілген құжатты әзірлеушілер әзірлеу, мазмұны, құрылымы, ресімделуі үшін жауапты болады
- 9 Қорытынды ережелер**
- 9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.
- 10 Өзгерістер енгізу тәртібі**
- 10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.  
 Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді.

 <b>ATYRAU UNIVERSITY</b>	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	“SAF” Студенттік театр туралы Ереже	6 - бет, 7 беттен тұрады

Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді. Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

- заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;
- Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;
- ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.



